

Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің  
2017 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген

## 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу қағидаларына сәйкес 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурста (бұдан әрі – конкурс) қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында әзірледі.

2. Конкурс «Қазақстан-2050» Стратегиясын, Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыруға бағытталған 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды (іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша өткізіледі.

3. Конкурстың мақсаты – стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге бағытталған 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүргізуге бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды бөлу.

4. Зерттеулердің түрі – іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер.

5. Үш жылдық мерзімге қаржыландырудың жалпы сомасы – 28 684,633 млн.теңге, оның ішінде 2018 жылға – 7 979,657 млн.теңге, 2019 жылға – 9 902,488 млн.теңге, 2020 жылға – 10 802,488 млн.теңге. «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен аталған қаржыландыру сомаларына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### 2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

Таблица

Басым бағыттар	Мамандандырылған ғылыми бағыттар
<b>1. Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын тиімді пайдалану, геология,</b>	1.1 Химия ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер
	1.2 Топырақ ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер
	1.3 Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және геология
	1.4 Минералды шикізаттарды кешенді пайдалану

<b>қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен құрылымдар</b>	1.5 Су, топырақтық және биологиялық ресурстарды басқару
	1.6 Қоршаған орта объектілерін және «жасыл» технологияларын мониторингтеу
	1.7 Көмірсутек шикізаттарын кешенді өңдеу
	1.8 Композициялық материалдар
	1.9 Наноматериалдар мен нанотехнологиялар
	1.10 Биомедициналық материалдар мен биологиялық белсенді заттар
	1.11 Табиғи шикізаттар пен техногендік қалдықтардың негізінде көп мақсатта қолданылатын жаңа материалдар
	1.12 Өнеркәсіптік биотехнология
	1.13 Биопрепараттардың продуценттер штаммдарын өндіру технологиясы
	1.14 Пайдалы қазбалардың кен орындарын өңдеу, барлау және іздеу жүйелері
	1.15 Табиғи және техногендік кен шикізаттарын байыту, кешенді алу және қайта өндіру жүйелері.
	1.16 Кенсіз пайдалы қазбаларды қолдану мен шығару
	1.17 Металдар мен материалдарды өндіру және өңдеу
	1.18 Суды тиімді пайдалану жүйелері
	1.19 Ағын суларды, газдан тазалау және тозаң тұтуды тазалау жүйелері
	1.20 Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жүйелері
	1.21 Биологиялық түрлілікті қолдау жүйелері
	1.22 Парниктік газдар шығарындыларының деңгейін төмендету және энергияның баламалы көздерін қолдану жүйелері
	1.23 Жерлердің шөлейттенуін және тозуын болдырмау бойынша жүйелер
	1.24 Ақпараттық жүйелер және деректер базасы
	1.25 Каталитикалық жүйелер мен технологиялар
1.26 Арнайы қасиеттері бар полимерлі материалдар	
1.27 Тоқыма және жеңіл өнеркәсіптер үшін функционалдық материалдар	
1.28 Ғимараттар мен имараттардың жаңа құрылыс құрылымдары, құрылыс материалдар мен бұйымдарды өндіру технологиялары, сейсмотұрақты құрылыс және имараттардың қауіпсіздігі, жаңа архитектуралық нысандар	
<b>2. Энергетика және машина жасау</b>	2.1 Жылу және электр энергетикасы және энергетикалық сектордың қоршаған ортаға тигізетін әсері, энергия үнемдеу
	2.2 Баламалы энергетика және технологиялар: энергияның жаңартылған көздері, ядролық және сутектік энергетика, энергияның басқа көздері
	2.3 Көліктік, ауылшаруашылық, мұнайгаз және тау-кен-металлургиялық машина жасау
<b>3. Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану саласындағы ғылыми зерттеулер</b>	<b>3.1 Зияткерлік ақпараттық технологиялар</b>
	3.1.1 Басқару және шешімдерді қабылдау зияткерлік жүйелері (оның ішінде, нақты уақыт тәртібінде)
	3.1.2 Сөйлеу технологиялары және компьютерлік лингвистика
	3.1.3 Кескіндерді өңдеу және бейнелерді танып білу
	3.1.4 Биоинформатика
	3.1.5 Машиналық оқыту (machine learning)
	3.1.6 Зияткерлік роботты техникалық жүйелер
	3.1.7 Макроэкономикалық саясаттың, қор және қаржы нарығының зияткерлік ақпараттық технологиялары

	3.1.8 Ғылыми және электрондық білім беру процестеріндегі смарт технологиялары
	3.1.9 Индустрия үшін жаңа технологиялардың негіздері: қосымша және виртуалды шынайылық жүйелері, 3D-принтинг және басқа аддитивті өндірісі, Заттар интернеті.
	<b>3.2 Телекоммуникациялық технологиялар</b>
	3.2.1 Байланыс, мәліметтерді жіберу желілері жүйелерінде басқару және оңтайландыру (оның ішінде, мультисервистік платформаларда: мобилдік және ойын интернет технологияларында)
	3.2.2 Телекоммуникациялық жүйелердегі технологиялар және бағдарламалық-техникалық құралдар
	3.2.3 Онлайн сауда, цифрлық банкинг және басқа да цифрлық қызмет үшін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер
	<b>3.3 Жоғары өнімділік есептеу технологиялары</b>
	3.3.1 Бұлттық, параллельдік және үлестірілген есептеулер
	3.3.2 Big-data технологиялары
	3.3.3 Геоақпараттық технологиялар және жүйелер
	3.3.4 Есептеу жүйелерінің сәулеті және техникалық қамтамасыз етуді жобалау технологиялары: Бағдарламалық логикалық интегралдық сұлбасы, кристаллдағы жүйе және т.б.
	3.3.5 Ақпараттық-іздістіру жүйелері
	<b>3.4 Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау әдістері мен жүйелері</b>
	3.4.1 Ақпараттық қауіпсіздіктің күрделі жүйелері мен деректерін қамтамасыз етудің әдістері мен алгоритмдері
	3.4.2 Ақпаратты қорғаудың технологиялары және бағдарламалық-техникалық құралдары
	<b>3.5 Жаратылыстану ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулер</b>
	3.5.1 Математика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер
	3.5.2 Физика және астрономия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер
	3.5.3 Информатика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер
	3.5.4 Математика, физика және астрономия салаларындағы математикалық және компьютерлік модельдеу
<b>4. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар</b>	4.1 Адам геномы. Құрылымдық-функционалдық геномика. Молекулалық медицинада пайдаланылатын жаңа технологияларды әзірлеу.
	4.2 Әлеуметтік-маңызды инфекциялық емес аурулардың алдын алу, диагностика және терапияның тиімділігін арттыру үшін инновациялық мультиомды, жасушалық және нанотехнологияларды дамыту
	4.3 Органдар функцияларын қалпына келтіру және ауруларды емдеу үшін тіндер мен органдарды алмастыру технологиясын әзірлеу
	4.4 Халықтың денсаулығына және қоршаған ортаның жай-күйіне қолайсыз әсерді болдырмау үшін экологиялық, техногендік, эпидемиологиялық және кәсіби тәуекелдерді азайту технологиясын әзірлеу
	4.5 Қазақстан халқының өмір сапасын және денсаулығын жақсарту технологиялары
	4.6 Медицина үшін дәрілік және профилактикалық түпнұсқа препараттарды әзірлеу, оларды өндіру технологиялары, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер

	4.7 Ауылшаруашылық және ветеринария үшін жаңа препараттар мен оларды өнеркәсіптік өндіру технологиялары
	4.8 Биохимия, молекулалық және клеткалық биологияның жаңа жетістіктері негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарын, өсімдіктер мен жануарлардың өнімділігін және тұрақтылығын арттыру технологиялары
	4.9 Қазақстандағы инновациялық оңалту әдістері және паллиативтік көмекті жетілдіру
	4.10 Биотехнологиялық әдістермен өсімдік және жануар шикізатынан бағалы компоненттерді алу технологиялары
	4.11 Экологиялық таза отын түрлерін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау үшін препараттарды алуға биотехнологияны әзірлеу және жетілдіру
<b>5. «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)</b>	<b>5.1. Әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер</b>
	5.1.1 Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер
	<b>5.2 XXI ғасырдың білім беру мәселелерінің іргелі және қолданбалы зерттеулері</b>
	<b>5.3 Қоғамдық сананы жаңғырту мәселелерінің іргелі және қолданбалы зерттеулері:</b>
	5.3.1 Жаңа гуманитарлық білім.
	5.3.2 Туған жер. Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім
	5.3.3 Қазақстанның рухани қасиетті жерлері. Қазақстанның киелі географиясы.
	5.3.4. Тарих, мәдениет және тіл ортақтылығы. Жаһандық әлемдегі заманауи қазақ мәдениеті
<b>6. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс (құпия таңбасыз)</b>	<b>6.1 Іргелі ғылыми зерттеулер</b>
	6.1.1 Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жалпы теориясы
	6.1.2 Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту
	<b>6.2 Қолданбалы ғылыми зерттеулер</b>
	6.2.1 Әскери қауіпсіздік және әскери өнер салаларындағы зерттеулер
	6.2.2 Ланкестік пен экстремизмге қарсы іс-қимыл, барлау және қарсы барлау қызметі
	6.2.3 Құқық қорғау органдарының қызметтерін қамтамасыз ету

### 3. Конкурса қатысуға өтінімнің нысаны мен мазмұнына талаптар

5. Конкурса қатысуға өтінімдері осы Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы керек және осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес жасалады. Бағдарламаның ілеспе хаты, қысқаша сипаттамасы және өтінімі осы Конкурстық құжаттамаға 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

6. Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде), екі данада, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне қолма-қол немесе алу туралы хабарландырумен курьерлік почта арқылы мына мекенжай бойынша беріледі: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс, 1039-кабинет.

7. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасының 10-тармағының талаптарына сәйкес өтінімдерде жеке тіркеу нөмірі (бұдан әрі - ЖТН) болуы қажет.

ЖТН-ды алу үшін тапсырыс беруші конкурсты жариялаған сәтінен бастап өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін конкурс қатысушылары «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-

техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның (бұдан әрі - Орталық) интернет-ресурсында is.ncste.kz мекенжайы бойынша Орталықтың ақпараттық жүйесінде өтінімнің электрондық нұсқасын салу арқылы өтінімді тіркеуге тиісті.

Мерзімнің аяқталуынан кейін қолма-қол немесе курьерлік почта арқылы келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.

8. Орталықтың ақпараттық жүйесінде тіркелгеннен кейін ЖТН өтінімнің қағаз нұсқасының бірінші бетінде қойылады.

9. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған өтінім бағдарламаны іске асыру мерзімі үш жылдан аспауы туралы ақпаратты қамтуы керек.

10. Өтінім тігіліп, қағаз пломбасымен бекітілу керек, пломбаның үстінде тігілген және нөмірленген парақтар жайлы жазба болу керек және өтінім берушінің уәкілетті тұлғасының дөңгеленген мөрімен қоса қолымен расталған (заңды тұлғалар үшін) немесе белгіленген тәртіппен расталған жеке тұлғаның қолы болуы тиіс.

11. Өтінім берушінің авторлық және/немесе басқа да құқықтарына зиян тигізетін әлеуетті әшкерелеу, мемлекеттік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат өтінімде болмауы тиіс.

12. Өтінімнің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) жалпы ақпарат;
- 2) бағдарламаның сипаттамасы;
- 3) зерттеу әдістері және этикалық мәселелер;
- 4) бағдарламаны жоспарлау және басқару;
- 5) зерттеушілер тобы;
- 6) зерттеу ортасы;
- 7) күтілетін нәтижелер;
- 8) библиография;
- 9) қосымшалар.

13. Келесі талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдер өтінім берушілерге қайтарылады:

- 1) ЖТН-ні болмаған өтінімдер;
- 2) өтінімді ресімдеуі осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер;
- 3) талап етілген құжаттардың толық емес көлемде ұсынылған өтінімдер;
- 4) плагиат және өтінім тақырыбының немесе мазмұнының мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға бұрын немесе бір уақытта берілген объектілерімен қайталану фактілері анықталған өтінімдер (көрсетілген фактілер болған жағдайда дәлелдер, негіздемелер келтірілуі, оның ішінде техникалық құралдарды қолдану және мамандануы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісіне сәйкес келетін тәуелсіз мамандарды тарту арқылы келтірілуі тиіс);
- 5) конкурс қатысушыларында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлігі болмаған өтінімдер;
- 6) электрондық нұсқасы қағаз нұсқасына сәйкес келмеген өтінімдер;
- 7) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісі бойынша бұрын алынған шекті бағаның төмен болған немесе ғылыми этиканы бұзу фактілері анықталған өтінімдер;
- 8) этика мәселелері бойынша орталық немесе жергілікті комиссиялардың оң қорытындысы (адамдарға және жануарларға жүргізілетін биомедициналық зерттеулер үшін) болмаған өтінімдер;
- 9) мемлекеттік бюджет қаражатынан бұрын қаржыландырылған немесе қазір қаржыландырылып отырған бағдарламалар бойынша өтінімдер.

#### **4. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған өтінімді ұсыну тілі**

14. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған өтінім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

## **5. Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптары, өзге де мәліметтер мен ерекше талаптар, жеке әріптес тарапынан тең қаржыландыру көлемі мен шарттары**

15. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдары қатысуға, оның ішінде қоса атқарушы ретінде қатысуға құқылы.

16. Қалыптастырылатын мақсатты ғылыми-техникалық бағдарлама стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге бағытталуы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жүргізудің бірнеше бағыттарынан тұруы қажет.

Нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама нысаналы бағдарлама шеңберінде нақты міндеттерді шешуге бағытталған бірнеше кіші бағдарламаларды қамти алады.

Нысаналы бағдарламаларды кіші бағдарламаларға бөлу шешілетін проблемалардың ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ нақты нәтижеге қол жеткізе отырып, оларды шешуді ұтымды ұйымдастыру қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Орындаушылар бағдарламада қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес түпкі нәтижесіне қол жеткізуді қамтамасыз етуді зерттеушілердің қабілетіне кепілдік беруі қажет.

17. Бағдарламаның ғылыми жетекшісінің ғылыми жұмыс өтілінің тәжірибесі кемінде 5 (бес) жыл, ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/ғылым кандидаты) немесе философия докторы (PhD) дәрежесі немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі болуы тиіс.

18. Жеке тұлға (зерттеу тобы мүшелерінің ішінен), оның ішінде ұйымның басшылары, осы конкурс шеңберінде бірден аспайтын бағдарламаның ғылыми жетекшісі болуға құқылы, бұл ретте оның басқа бағдарламаларда орындаушы ретінде қатысуға жол берілмейді.

19. Ғылыми жетекшісі болып табылмайтын жеке тұлға (зерттеу тобы мүшелерінің ішінен) осы конкурс шеңберінде бірден аспайтын бағдарламаның орындаушысы болуға құқылы.

20. Зерттеу тобының құрамына шетелдік ғалымдар, сондай-ақ өндірістен инженерлер, коммерцияландыру бойынша мамандар тартылуы мүмкін.

21. Бағдарламаның кемінде 30% орындаушысы 35 жасқа дейінгіні қоса алғанда жас мамандар, оның ішінде PhD докторанттары, магистранттар болуы қажет.

22. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсының қорытындылары бойынша ғылым саласындағы уәкілетті орган ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бас ұйымды айқындай алады, ол орындалатын бағдарлама шеңберінде оны іске асыру және орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді сүйемелдеуді жүзеге асырады. Бас ұйым үйлестіретін нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға жауапты.

23. Өтінім мәліметтерге қосымша бағдарламаны ішінара қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін жеке әріптес тарапынан қоса қаржыландыруды тарту туралы мәліметтер бере алады. Олардың іске асыру мерзімдері мен салым сомасы көрсетілген қоса қаржыландыру туралы келісім тараптар ниеттерін растау болып табылады.

24. Өз ғимараты, қазіргі заманғы аспаптармен және жабдықтармен жабдықталған ғылыми зертханалары және жоғары білікті ғылыми кадрлары бар дербес мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары, жетекші университеттер мен олардың еншілес кәсіпорындары басымдыққа ие болады.

25. Бағдарламаны іске асыру шеңберіндегі нәтижелері сұралатын қаржы көлеміне сәйкес уағдалы және негізделген болуы тиіс.

26. Қаржыландыру үшін мақұлданған бағдарламалар Қазақстан Республикасында іске асырылуы тиіс. Бағдарламаның жетекшісі Қазақстан Республикасының азаматы болуы қажет.

27. Бөлінетін қаржыландыру көлемі сұралатын қаржыға сәйкес анықталады.

28. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражаты ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығындарға,

өтінімнің мақсаттары мен міндеттеріне жетуге жұмсалыу қажет. Конкурстық өтінімде көрсетілген шығын түрлері осы Конкурстық құжаттамаға 2-қосымшада көрсетілген шығын түрлеріне сәйкес болуы тиіс.

29. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға бөлінген қаражатты тиімсіз және негізсіз пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке жауапты болады.

30. Бағдарламаны орындаушы-ұйымның жетекшісі бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудан қаражат ұстап қалуға жол бермейді.

31. Бір жабдық құны 4000 АЕК-тен асқан жағдайда, оның мемлекеттік ұйымдар жанында жұмыс істейтін, ұжымдық пайдаланылатын ғылыми зертханаларда болмауын жазбаша растау, оны сатып алу қажеттілігінің негіздемесі ұсынылады.

32. Мемлекеттік емес ұйымдар болып табылатын өтінім берушілер бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде сатып алынатын құны 4000 АЕК-тен асатын жабдықты бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін алты ай ішінде мемлекеттік ұйым жанында жұмыс істейтін ұжымдық пайдаланылатын ғылыми зертхананың теңгеріміне береді.

33. Өтінім беруші заңнамаға сәйкес есеп беруді және есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді.

34. Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік ұйымдар сатып алған жабдықтар, құралдар және (немесе) мүкәммалдар олардың теңгеріміне тіркеледі.

35. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асырудың қорытындылары бойынша бүкіл кезеңде келесі нәтижелер алынуы тиіс:

1) бағдарламалар бойынша жариялануы тиіс:

жаратылыстану, медициналық, нақты және техникалық ғылымдар саласында:

іргелі зерттеулер үшін: Web of Science немесе Scopus деректер базасымен индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде төрт мақала, сондай-ақ нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланатын шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда кемінде үш жарияланым;

қолданбалы ғылымдар үшін: Web of Science немесе Scopus деректер базасымен индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде үш мақала, немесе аталған базаларда кемінде екі мақала және кемінде бір қорғау құжаты, немесе аталған базаларда кемінде бір мақала және кемінде екі қорғау құжаты, сондай-ақ нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланатын шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда кемінде үш жарияланым;

қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, ауыл шаруашылығы, ветеринария ғылымдары салаларында – Web of Science немесе Scopus деректер базасымен индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде екі мақала, немесе аталған базаларда кемінде бір мақала және кемінде бір қорғау құжаты, сондай-ақ нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде екі жарияланым, және нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланатын отандық ғылыми басылымдарда кемінде үш жарияланым;

2) техникалық, жаратылыстану, медициналық ғылымдар саласындағы (патентке қабілетті бағдарламалар бойынша) қолданбалы зерттеулер жобалары бойынша қорғау құжаттары алынуы тиіс;

3) қолданбалы зерттеулердің бағдарламалары бойынша нәтижелерінің практикаға енгізілуі немесе тәжірибелік-өнеркәсіптік сынаулар өткізілуі керек (мүмкіндігінше);

4) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның бағыты бойынша кемінде бір PhD докторанттың диссертациясы орындалатын болады (мүмкіндігінше).

36. Бағдарламаның жүзеге асырылуы және/немесе аяқталғаннан кейін зерттеулер нәтижелерінің, монография және басқа да ғылыми жұмыстардың басылымы кезінде авторлар нөмірін көрсету арқылы бағдарламалық-нысаналы шеңберінде ұтып алынған бағдарламаға сілтеме жасауға міндетті.

37. Зерттеу тобының мүшелері қажет болған жағдайда жүргізіліп жатқан бағдарлама шеңберінде халықаралық конференцияларға қатысып немесе жетекші шетел ғылыми орталықтарында және ұйымдарында немесе шетел ғылыми зертханаларында шетелдік ғылыми тәжірибеден өте алады.

38. Стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу үшін ғылыми зерттеулердің нәтижелері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген (жарияланымдар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, жаңа заттар, материалдар, препараттар, құралдар, жаңа географиялық, геологиялық және басқа карталар, пайдалы қазбалар кен орындарын және жер асты суларының, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жаңа перспективалық алаңдары және/немесе учаскелері) жаңа білім мен шешімдер түрінде ұсынылады

39. Бағдарламаның аннотациясын және сол бойынша есепті (баспа және/немесе электронды түрде) өтінім берушінің және/немесе автордың келісімін сұратусыз жариялау құқығы Орталыққа беріледі.

40. Бағдарлама шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамамен белгіленген тәртіппен міндетті түрде Орталықта мемлекеттік есепке алынуы тиіс.

41. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны жүзеге асыру үшін өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін шарт осы Конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.



2018-2020 жылдарға арналған Ғылыми,  
ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша  
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға  
арналған конкурстық құжаттамаға  
1-қосымша

**2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды  
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу өтінімі  
нысанының талаптары**

1. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ілеспе хат;  
2) бағдарлама бойынша ұсынылған ақпараттың анықтылығын растау, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарын, оның ішінде ғылыми этиканы бұзу фактілерін (ғылыми деректерді фабрикациялау, зерттеу деректерді бұрмалауға апаратын фальсификациялау, плагиат пен жалған тең авторлық, қайталауы, өзгелердің нәтижелерін иемдену және т.б.) болдырмауды сақтау, бұрын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмағаны туралы арыз. Ғылыми жетекшісінің ғылыми жұмыс өтілінің тәжірибесі кемінде бес жыл болуына кепілдік.

Жоба бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, оның ішінде іске асырылатын жоба шеңберінде сатып алу және жалға алу жоспарланған құрал-жабдықтарды, материалдар мен мүкәммалдарды ескере отырып, материалдық-техникалық базаның болуы және қолжетімділігіне кепілдік;

3) бағдарламаның қысқаша сипаттамасы;  
4) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;  
5) өтінім берушінің аккредитациядан өткенін растайтын куәлігінің көшірмесі;  
6) этика мәселесі бойынша орталық және жергілікті комиссияның мақұлдаған тұжырымының болуы (биомедицина бойынша адамдар мен жануарларға зерттеу жүргізу үшін);

7) бағдарламаны ішінара қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін жеке әріптес тарапынан қоса қаржыландыруды тарту туралы мәліметтер (жобаны қоса қаржыландыру болған жағдайда). Олардың іске асыру мерзімдері мен салым сомасы көрсетілген қоса қаржыландыру туралы келісім тараптар ниеттерін растау болып табылады.

2. Ілеспе хат мемлекеттік және орыс тілінде әзірленіп, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін), жеке куәлік (жеке тұлға үшін), аккредитация туралы куәлік, этика мәселесі бойынша орталық және жергілікті комиссияның мақұлдаған тұжырымы (биомедицина бойынша адамдар мен жануарларға зерттеу жүргізу үшін), қоса қаржыландыру туралы келісім көшірмелерімен бірге тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтар саны жазылатын қағаз пломбамен бекітіледі, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы конкурсқа қатысушының уәкілетті тұлғасының қолы және мөрдін баспа-таңбасы (бар болған жағдайда) қойылады.

3. Өтінім, ілеспе хат пен қысқаша сипаттаманың мәтіндері нақты тұжырымдалған және келесі параметрлерді есепке ала бірінғай шрифтпен жазылу қажет («Microsoft Word» мәтіндік редакторының нұсқаларын қолдану қажет):

1) сол жақ жиегі – 2,5 см, оң жақ жиегі – 1,5 см, үстіңгі және астыңғы жиегі – 2 см;  
2) шрифт – «TimesNewRoman», өлшемі 12 (қосымшада өлшемі кіші шрифт қолданылуы мүмкін, бірақ өлшемі 10-нан кіші емес);  
3) жоларалық интервал – бір;  
4) азат жол (бірінші жол шегінісі) – 1,25 см;  
5) тақырып пен мәтін, мәтін және қол қою арасындағы интервал – жоларалық бір интервал;

6) өтінім және оған қосымшаларының парақтары нөмірленуі керек;

7) өтінімнің электронды нұсқасы мен бағдарламаның қысқаша сипаттамасы MicrosoftWord форматында (\*.doc немесе \*.docx) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді, осыған қоса өтінімнің атауы бағдарлама тақырыбының алғашқы бес сөзін қолдану арқылы көрсетіледі.

4. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынылған өтінімнің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіннің мазмұны толықтай сәйкес болуы керек.

Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі өтінімнің электронды нұсқасы (диск-тасымалдаушыда, сондай-ақ ЖТН алу үшін өтінімді тіркеу кезінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ ақпараттық жүйесіне енгізілген нұсқасы), бағдарламаның қысқаша сипаттамасының, сондай-ақ ілеспе хаттың электрондық нұсқасы олардың қағаз нұсқасына сәйкес болуы тиіс. Түпнұсқа құжат ретінде қағаз нұсқасы есептелінеді.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың электронды өтінімі, ілеспе хат және жобаның қысқаша сипаттамасының жалпы көлемі он мегабайттан аспауы керек.

Осы талаптардың 1-тармағына сәйкес дайындалған құжаттама, бөлек тігілетін конкурстық өтінімнен басқа, белгіленген тәртіп бойынша тігіледі; конкурстық өтінім белгіленген тәртіпте бөлек тігіледі.

Қажетті құжаттардың бәрін 2 данадан ұсынылуы қажет. Электрондық тасымалдаушылар арнайы конвертке салынып, тезтігіндеменің ішкі жағынан бекітілуі тиіс.

**Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми,  
ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған өтінім**

**1. Жалпы ақпарат**

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама (бұдан әрі – бағдарлама) тақырыбының атауы.
2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы.
4. Бағдарламаны бастаудың және аяқтаудың болжанатын күні және оның ұзақтығы..
5. Ғылыми зерттеу саласының атауы (токсикология, оптика, робот техникасы және т.б.).
6. Мемлекетаралық ФТА рубрикаторының коды (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...).
7. Зерттеу түрі (эксперименттік емес іргелі, іргелі эксперименттік, қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар).
8. Бағдарламаны іске асыру орны.
9. Бағдарламаны іске асырудың бүкіл мерзіміне және жылдар бойынша сұралатын қаржыландыру сомасы, мың теңге (іс-шараға бөлінген қаржы сомасынан жоғары емес).

**2. Жобаның сипаттамасы**

1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес]  
Бөлімде бағдарламаның негізгі қатысушылары (орындаушы ұйым, бағдарламаның ғылыми жетекшісі), ұйымның және ғылыми жетекшінің біліктілігі туралы қысқаша ақпарат көрсетіледі.
2. Жобаның мақсаты  
Нысаналы бағдарлама іс-шараларын \_\_\_\_\_ іске асыру.
3. Жобаның міндеттері [500 сөзден артық емес]  
Бұл бөлімде бағдарлама мақсатына қол жеткізудің тәсілі, іске асырудың қысқаша түсініктемесімен алға қойылған міндеттері, күтілетін нәтижелерге және олардың нысаналы бағдарламаның іс-шараларын іске асырудың бекітілген күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі сипатталады.
4. Бағдарламаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы [2000 сөзден артық емес]  
Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:
  - 1) бағдарламаны әзірлеуге арналған ғылыми еңбек, зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге және олардың осы бағдарламамен өзара байланысына міндетті түрде шолу жасай отырып (түпмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке жасалған сілтемелер көрсетілуі керек, олардың толық жазылуы "Библиография" деген 8-бөлімде ұсынылуы тиіс), ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Бар болса, алдын ала нәтижелері көрсетіледі;
  - 2) зерттеудің нысаналы бағдарламаның іс-шарасына сәйкестігі, оның тиісті білім беру салаларының трендтерін қамтитын ғылыми және технологиялық қажеттіліктерге шолу жасау арқылы ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңызы (қажет болған жағдайда, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделерді қамту);

3) зерттеулердің қандай технологиялық міндетті/мәселені шешуге бағытталғаны, ғылым мен технологияның дамуына алынған нәтижелердің ықпалы және күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер.

Аталған бөлімді сипаттаған кезде мынадай бағыттарға назар аудару ұсынылады:

- 1) бағдарлама идеяларының қолданыстағы аналогтардан түбегейлі айырмашылығына сипаттама беру қажет;
- 2) егер зерттеудің идеясы немесе нәтижесі әлемде бар болып, Қазақстанда болмаса, бағдарламаға қаржы салудың нәтижесінен пайдалы екенін негіздеу қажет;
- 3) егер бағдарламаның түпкі нәтижесі өнім болса, бағдарламаның нысаналы саласында қазіргі уақытта қалыптасқан техника деңгейін отандық және шетелдік өндірушілердің жетістіктері туралы деректерді келтіре отырып сипаттау қажет;
- 4) ғылыми-техникалық бағдарламаға негіз болған технологиялар, бәсекелі және/немесе баламалы технологиялар бойынша ғылыми-техникалық жобалар мен әзірлемелер саласындағы озық топтарды көрсету қажет.

### 3. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:


- 1) бағдарламада пайдаланылатын ғылыми әдістерді алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі, таңдалған тәсілдемелер негіздемесі ретінде сипаттау;
- 2) бағдарламаны іске асырудың сыни нүктелері, балама жолдары;
- 3) бағдарлама шеңберінде пайдаланылатын ғылыми этика қағидаттары мен нормаларының, яғни басқару, атап айтқанда, жоғары зияткерлік адалдық стандарттарын қолдау және деректердің ойдан шығарылуына және бұрмалануына, плагиатқа, жалған тең авторлыққа, ұжымдық зерттеулерді, басқа қатысушылардың келісімінсіз зерттеулерден алынған деректер мен тұжырымдарды жекелеген қатысушылардың пайдалануына жол бермеу этикалық рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету тәсілдері;
- 4) адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулерді өткізудің егжей-тегжейлі тәртібі және тетігі, жоспарланған зерттеулердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін сипаттау;
- 5) зерттеу нәтижелеріне арналған зияткерлік меншік құқықтарын ресімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету қажет).

### 4. Бағдарламаны жоспарлау және басқару [1500 сөзден артық емес]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) зерттеу тобының құрамын, олардың ұстанымдарын, біліктіліктерін және бағдарламадағы жұмыс бағыттарын сипаттау;
